



Марқакөл Таңы

№ 17 (67) Сәрсенбі
22 сәуір 2026 жыл

Марқакөл ауданының қоғамдық - саяси газеті

РЕСМИ

ҰБТ-да үлкен өзгеріс: енді бір рет қана тапсырасыз

Педагог болу қиындай ма? Жаңа талаптар қандай? Қазақстанда талапкерлерді іріктеу жүйесі түбегейлі өзгереді. Аида Балаева: ҰБТ жүйесін жаңғырту – білім сапасын арттыруға бағытталған маңызды жоба.

Қазақстанда талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) форматына бірқатар өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, адами капиталға инвестиция жасау – мемлекеттік саясаттың басты басымдықтарының бірі. Бұл бағыт Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп отырған реформалардың негізін құрайды. Бүгінде әлем елдері білім беру жүйесін жаңғыртып, жаңа модельдер мен цифрлық шешімдерді енгізуде. «Қазіргі таңда білім беру саласы тек білім берумен шектелмей, нақты дағдыларды меңгерген, еңбек нарығына бейімделген мамандарды даярлауға бағытталуы тиіс. Бұл – сапалы жаңа кезеңге көшу», – деді Аида Балаева. Осыған байланысты



талапкерлерді іріктеу жүйесінде, әсіресе педагогикалық мамандықтарға қабылдау кезінде жаңа тәсілдер енгізілмек. Атап айтқанда, тестілеумен қатар арнайы емтихандарды қамтитын гибриді бағалау формасы қолданылады. Бұл тәсіл талапкерлердің тек пәндік білімін ғана

емес, сонымен бірге сыни ойлау, талдау және коммуникациялық дағдыларын бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, келесі жылдан бастап педагогикалық бағыттарға түсу кезінде ҰБТ нәтижелерімен қатар ауызша емтихандар да ескерілмек. Бұл емтихандарда талапкерлердің оқуға

дайындығы мен кәсіби бейімділігіне ерекше назар аударылады. Министр сондай-ақ ҰБТ-ны бір рет тапсыру форматына көшіру ұсынылып отырғанын атап өтті. Оның сөзінше, бұл шешім грант конкурсына қатысу кезінде әділ әрі объективті бағалауды қамтамасыз етуге бағытталған. Ал талапкерлердің дайындық деңгейін тексеру үшін сынақ тестілеу жүйесі сақталады.

Бұдан бөлек, жоғары оқу орындарына "Foundation" бағдарламалары арқылы шартты қабылдау тәжірибесінен бас тарту жоспарланып отыр. Себебі мұндай жүйемен қабылданған студенттердің едәуір бөлігі оқу барысында қажетті шекті баллды жинай алмайды. «ҰБТ жүйесін өзгерту – тестілеуден бас тарту емес. Бұл – дарынды талапкерлерді анықтап, әділ іріктеуге бағытталған маңызды қадам», – деп қорытындылады Аида Балаева. Жалпы, ұсынылып отырған өзгерістер білім беру сапасын арттырып, елдің ұзақ мерзімді дамуына негіз болады деп күтілуде.

Мәдениет және ақпарат министрлігі баспасөзінен

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – 2026

Ауданда «Таза Қазақстан» бағдарламасы қарқынды жүзеге асуда

Марқакөл ауданында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаны абаттандыру мақсатында «Таза Қазақстан» жобасы аясында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, аудан аумағында апта сайын түрлі экологиялық акциялар ұйымдастырылып келеді.



Еліміздің экологиялық мәдениетін қалыптастыру мен туған жердің тазалығын сақтау – бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі. Осы бағытта қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық науқаны – табиғатты қорғауға, елді мекендердің көркін арттыруға және тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін күшейтуге бағытталған



ауқымды бастама. Аталған науқан аясында өңірлерде жаппай сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер мен саябақтар тазартылып, ағаш отырғызу жұмыстары қарқын алды. Бұл игі шара ел болашағына бейжай қарамайтын марқакөлдік азаматтардың ортақ ісіне айналып келеді.

– 2026 жылдың 20 наурызынан басталған жұмыстардың нәтижесінде ауданда айтарлықтай көрсеткіштерге қол жеткізілді. Осы уақытқа дейін 3 ірі сенбілік өткізіліп, оған 227 адам белсене атсалысты. Тазалық жұмыстарына 13 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. 1 саябақ, 3 тарихи-мәдени ескерткіш және 12 әлеуметтік нысан ретке келтірілді. Елді мекендердегі 205 аула аумағы тазартылып, барлығы 13,8 тонна қоқыс шығарылды, – дейді Марқакөл ауданының сәулет, құрылыс, ТҮКШ, ЖК және АЖ бөлімінің басшысы Самат Сулейменов.

Сонымен қатар, Марқакөл ауданының елді



мекендері мен орман қорын жаңартуға ерекше көңіл бөлінбек. Жоспар бойынша 6500 көшет отырғызу көзделіп отыр. Сондай-ақ, экологиялық бағыттағы «Таза бейсенбі», «Таза аймақ», «Үлгілі аула», «Таза жағалау», «Үлгілі ауыл», «Жасыл аула» және «Өз ағашынды отырғыз» науқандары көпшілік тарапынан қолдау табады.

Алдағы уақытта экологиялық сауаттылықты арттыру мақсатында білім беру мекемелерінде «Табиғат біздің қолымызда» атты эко-сағаттар мен «Экология балалардың көзімен: Таза Қазақстан» тақырыбында сурет байқаулары ұйымдастырылады. Жалпы алғанда, бұл шараларға 3,8 мың аудан тұрғынын қамту жоспарланған.

Айта кету керек, тұрғындармен байланысты нығайту үшін «ТазаQazBot» платформасы іске қосылған. Бұл жүйе арқылы келіп түсетін өтініштер мен ұсыныстардың орындалуы тұрақты бақылауға алынып отыр. Сонымен қатар, халық арасында экологиялық білімді тереңдету мақсатында арнайы дәрістер мен семинарлар өткізу де жоспарға енгізілген.

Бұл жұмыстардың барлығы Марқакөл өңірінің табиғатын сақтап қалуға және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталуда.

Валентина Свириденко

ЗАҢ МЕН ТӘРТИП

Отбасы құндылығы: бала тәрбиесі және тұрмыстық жанжалдың құқықтық салдары

Отбасы - қоғамның негізі, ал бала тәрбиесі — мемлекеттің болашағына тікелей әсер ететін маңызды құндылық. Әрбір бала өз отбасында қауіпсіз ортада өсіп, сыйластық пен өзара түсіністікті көріп қалыптасуы тиіс. Себебі отбасындағы ахуал баланың мінез-құлқына, психологиялық дамуына және қоғамдағы орнын табуына тікелей ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда, тұрмыстық жанжал тек екі адамның арасындағы келіспеушілік емес. Ол — ең алдымен, отбасының ішкі тұрақтылығына, ал кей жағдайда балалардың тағдырына әсер ететін әлеуметтік мәселе. Сондықтан заң отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында орын алатын құқыққа қарсы әрекеттерге бейжай қарамайды.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық

бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі-ӘҚБТК) 73-бабы, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттерге арналған, яғни, құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, тұрғын үйде жасалған басқа да әрекеттерге әкімшілік жаза қарастырады.

Егер екі тарап татуласқаннан кейін нақты сол әрекет бір жыл ішінде қайталанып орын алса, екінші рет татуласуға жатпайды.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 15 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы» № 73-VIII ҚРЗ Заңымен «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» мен «Ұрып-соғу» баптары ӘҚБТК-дан алынып тасталып, қылмыстық кодекске енгізілгенін ескерген жөн.

Сондықтан, тұрмыстық жанжалға жеке мәселе ретінде қарауға болмайды. Отбасының беріктігі мен бала тәрбиесінің сапасы - бүкіл қоғамның жауапкершілігі. Заңның мақсаты - отбасын күйрету емес, керісінше, жанжалдың алдын алып, өзара құрмет пен жауапкершілікті қалыптастыру.

Тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік жауапкершілік туралы білу — заңнан қорқу емес, отбасындағы тыныштық пен баланың болашағын қорғау деген сөз.

Д. Татиимбеков,

Марқакөл аудандық сотының төрағасы м.а.

РЕСМИ

Ерікті түрде қару тапсыру науқаны басталды

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және атыс қаруы мен жарылғыш заттарды қолдану арқылы жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында елімізде маңызды шаралар қолға алынуда. Биыл 10 сәуірден бастап республика көлемінде тұрғындардан заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша кезекті акция басталды.

Бұл бастаманың басты мақсаты — халық қолындағы тіркелмеген қару-жарақты мемлекетке қайтару арқылы ықтимал қауіп-қатердің алдын алу. Қазіргі таңда барлық қалалық және аудандық ішкі істер бөлімдерінде арнайы комиссиялар құрылып, жұмыс істеуде. Бұл комиссиялар азаматтар тапсырған қару-жарақтың техникалық жай-күйін зерттеп, соған сәйкес төленетін сыйақы мөлшерін белгілейді.

Айта кетерлік жайт, заңсыз сақталған қаруын өз еркімен әкеліп өткізген азаматтар қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен толықтай босатылады.

Сондай-ақ, тапсырылған заттың түрі мен сапасына байланысты азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің 10-нан 100-ге дейінгі мөлшерінде ақшалай сыйақы тағайындалады.

Кейде азаматтар тіркелмеген қаруды «көненің көзі» немесе «атадан қалған мұра» ретінде сақтауды жөн көреді. Алайда, заң бойынша бұл әрекет заңсыз иелену болып табылады. Егер тұрғындар ішкі істер органдарында тіркелмеген тегіс ұңғылы, газды, электрлі немесе пневматикалық қаруларды (қуаты 7,5 джоульдан, калибрі 4,5 мм-ден асатын) заңсыз сақтаса, оларға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 482-бабы бойынша шара қолданылады. Бұл қаруды тәркілей отырып, жиырма айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салуға әкеп соғады. Сондықтан, жауапкершілікке тартылмас үшін және заңды бұзбау үшін қолда бар қаруды ерікті түрде тапсыру — ең дұрыс шешім. Егер азаматтың әрекетінде өзге де қылмыс құрамы болмаса, ерікті түрде қару өткізу оны барлық жазадан құтқарады.

Өз тілшіміз



ТАБИҒАТ САҚШЫСЫ

Браконьерлікке қарсы бірлескен рейд өтті

РМҚК «Охотзоопром» өндірістік бірлестігінің қызметкерлері Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының инспекторларымен бірлесіп, өңір аумағында кезекті рейдтік іс-шара өткізді.

Аталған шараның негізгі мақсаты — табиғат қорғау заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтардың алдын алу және браконьерлік деректердің жолын кесу. Сонымен қатар, рейд барысында табиғи кешендерді қорғау және оларды сақтау бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылды. Тексеру кезінде аумақтың

бірқатар маңызды учаскелері қамтылып, табиғатты пайдалану қағидаларын сақтау мәселелері бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мамандар тарапынан қоршаған ортаға ұқыпты қарау қажеттілігі жөнінде нақты ұсыныстар берілді.

Мұндай бірлескен іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасуы мүмкін. Олар биоалуантүрлілікті сақтау ісіне оң әсер етіп, азаматтардың экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Қорық қызметкерлері табиғатқа, су экожүйесіне зиян келтіретін заңсыз әрекеттер заң бойынша жауапкершілікке тартылатынын ескертеді.

Валентина Свириденко



ТУРИЗМ – 2026

Марқакөл өңірінің қиын қолжетімді аумақтарында саяхаттайтын туристердің қозғалыс бағыттары туралы ақпарат

Марқакөл өңірі (Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Катонқарағай ауданы) — таулы жер бедерімен, қалың ормандарымен және алыс орналасқан аумақтарымен ерекшеленеді. Негізгі туристік бағыттар Марқакөл көлі, Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы, асулар мен көлге құятын өзендер маңынан өтеді.

Негізгі туристік бағыттар:

1. **Ұрынқай ауылы — Марқакөл көлі — Катонқарағай ауданы**

(Арасан асуы арқылы, Қалжыр өзені бойымен)

- Ұзақтығы: 2-4 күн.

- Ерекшеліктері: қиын өтетін учаскелер, аюлар мекендейтін аймақтар, ауа райының құбылмалылығы.

2. **Марқакөл көлі —Топқайың ауылы — Ақсай асуы**

- Асудың биіктігі шамамен 2000-2200 м.

- Тәжірибелі туристерге арналған, спутниктік байланыс құралдарының болуы ұсынылады.

3. **Марқакөл көлінің солтүстік жағалауы бойындағы бағыт**

(экологиялық және фототуризм)

- Ұзындығы: шамамен 25-30 км.

- Жаяу, атпен немесе жол талғамайтын



көлікпен жүруге болады.

4. **Қалжыр өзенінің бастауы — Қалжыр шатқалы**

- Зерттеушілер мен балықшылар арасында танымал.

- Батпақты жерлер бар, көктем мен күз айларында қатынау шектеулі.

Қиын қолжетімді жерлерде қозғалыстың ерекшеліктері:

- Маршрутқа шығар алдында туристер аудан әкімдігіне тіркелуі немесе төтенше жағдайлар қызметтерін (ТЖБ) жоспарланған бағыт туралы хабардар етуі қажет.

- Міндетті түрде навигация құралдары (GPS, карта, компас) және байланыс құралдары (спутниктік телефон, трекер) болуы тиіс.

- Көптеген бағыттарда ұялы байланыс тұрақсыз.

- Жергілікті жер бедерін білетін жолбасшы (гид) жалдау ұсынылады.

- Жаз айларында сел, нөсер және ауа-райының күрт өзгерістері болуы мүмкін.

Төтенше жағдай туындаған жағдайда байланыс нөмірлері:

Шығыс Қазақстан облысының төтенше жағдайлар департаменті (ТЖД ШҚО) — 101 және 112 телефондары, сондай-ақ ШҚО ТЖД кезекші қызметтерінің келесі нөмірлері: 8-7232-57-00-29, 8-705-798-41-29, 8-7232-53-18-00.

Марқакөл ауданының ТЖ бөлімі — тел: 101, 8(723-43)2-14-25.

ХАБАЛАНДЫРУ!

«Suncom Invest» ЖШС «Оңтүстік-Алтай алаңы бойынша барлау жоспары» жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есепке қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Марқакөл ауылдық округі, Қайнарлы ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) 48°32'00" с.ш., 85°23'00" в.д.; 2) 48°32'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 3) 48°31'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 4) 48°31'00" с.ш., 85°27'00" в.д.; 5) 48°30'00" с.ш., 85°27'00" в.д. 6) 48°30'00" с.ш., 85°23'00" в.д.

Тыңдаулар 28.05.2026 сағат 15.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Марқакөл ауылдық округі, Қайнарлы ауылы, «Қайнарлы негізгі орта мектебі» КММ, Мектеп көшесі, 1 мекенжайы бойынша өтеді.

Қажет болған жағдайда Қараой ауылының тұрғындарын қоғамдық тыңдаулар өтетін орынға жеткізу ұйымдастырылатын болады. Тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын +7 778 010 2888 байланыс телефоны арқылы хабарласу қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы онлайн форматта қолжетімді болады: <https://us05web.zoom.us/j/89409066294?pwd=2ohMsSsInrCzNR5RNosYm377ggN3Ct.1>

Конференция идентификаторы: 894 0906 6294 Қолжетімділік коды: 9mEdeT

Тапсырыс беруші: «SUNCOM INVEST» ЖШС, БСН 080540013454, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Иманжүсіп Құтпанұлы көшесі, 6 ғимарат, директоры – Хайроллин А.С., тел.: 8-701-523-21-31, e-mail: suncominvest@gmail.com

Жоба құжаттамасымен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайтында <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/contacts?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: «РудПроект» ЖШС, Астана қ., М.Жұмабаев көшесі, 8, тел. 87771181401.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 070004, Өскемен қ., К.Либкнехт көшесі, 19, №12, тел.: +7 (7232) 25-73-20, e-mail: priemnaya_uprigrvko@akimvko.gov.kz, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы келесі ұсыныстармен қаралатын болады: "Марқакөл таңы" газеті, "МИКС" радиостанциясы.

ХАБАЛАНДЫРУ!

«Suncom Invest» ЖШС «Оңтүстік-Алтай алаңы бойынша барлау жоспары» жобасы аясында қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу (НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ) материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Марқакөл ауылдық округі, Қайнарлы ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары: 1) 48°32'00" с.ш., 85°23'00" в.д.; 2) 48°32'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 3) 48°31'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 4) 48°31'00" с.ш., 85°27'00" в.д.; 5) 48°30'00" с.ш., 85°27'00" в.д. 6) 48°30'00" с.ш., 85°23'00" в.д.

Тыңдаулар 28.05.2026 сағат 16.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Марқакөл ауылдық округі, Қайнарлы ауылы, «Қайнарлы негізгі орта мектебі» КММ, Мектеп көшесі, 1 мекенжайы бойынша өтеді.

Қажет болған жағдайда Қараой ауылының тұрғындарын қоғамдық тыңдаулар өтетін орынға жеткізу ұйымдастырылатын болады. Тасымалдауды ұйымдастыру мәселелері бойынша қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын +7 778 010 2888 байланыс телефоны арқылы хабарласу қажет.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы онлайн форматта қолжетімді болады: <https://us05web.zoom.us/j/81911999717?pwd=kGoMaGc6EXLaonM7UXbZaW8zEU3YJ5.1>

Конференция идентификаторы: 819 1199 9717 Қолжетімділік коды: 5uDNZs

Тапсырыс беруші: «SUNCOM INVEST» ЖШС, БСН 080540013454, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Иманжүсіп Құтпанұлы көшесі, 6 ғимарат, директоры – Хайроллин А.С., тел.: 8-701-523-21-31, e-mail: suncominvest@gmail.com

Жоба құжаттамасымен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайтында <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/contacts?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Қосымша ақпаратты жобаны әзірлеушіден алуға болады: «РудПроект» ЖШС, Астана қ., М.Жұмабаев көшесі, 8, тел. 87771181401.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, «Шығыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 070004, Өскемен қ., К.Либкнехт көшесі, 19, №12, тел.: +7 (7232) 25-73-20, e-mail: priemnaya_uprigrvko@akimvko.gov.kz, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы келесі ұсыныстармен қаралатын болады: "Марқакөл таңы" газеті, "МИКС" радиостанциясы.

Су айдынындағы қауіпсіздік – баршаға ортақ талап



Көктем шығып, күн жылына бастағанда тұрғындардың су айдындарына жақын жерлерде демалуы жиілейді. Алайда, табиғаттың әсем-дігімен қатар, судың астында үлкен қауіп жатқанын да ұмытпаған жөн. Статистика көрсеткендей, суға кету оқиғаларының басым бөлігі қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан болады.

Көктемгі мұздың қауіпі

Қазіргі уақытта өзен-көлдердегі мұздың құрылымы босап, өте қауіпті күйге енген.

- Мұз үстіне шығуға мүлдем болмайды.

- Мұздың шетіне жақындау, оның беріктігін аяқпен теуіп тексеру өміріңізге қауіпті.

- Балықшыларға мұз үстінде жиналып тұруға және бір-біріне жақын шұңқырлар тесуге тыйым салынады.

Алғашқы көмек: не істеу керек?

Егер біреудің суға батып бара жатқанын көрсеңіз:

- Дереву 112 нөміріне хабарласыңыз;

- Қолыңыздан келсе, құтқару шеңберін, ұзын таяқ немесе арқан лақтырыңыз;

- Өз күшіңізге сенімді болмасаңыз, суға секірмеңіз, себебі батып бара жатқан адам сізді де су астына тартып кетуі мүмкін.

Құрметті аудан тұрғындары мен қонақтары! Су – тілсіз жау. Сіздің жауапкершілігіңіз бен сақтығыңыз өзіңіздің және жақындарыңыздың өмірін сақтап қалады. Өз қауіпсіздігіңізге бей-жай қарамаңыз!

Аудандық ТЖБ



ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ОО «Suncom Invest» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту «ПЛАН РАЗВЕДКИ Южно-Алтайская площадь»

Территория, на которой может быть оказано воздействие: ВКО, район Маркаколь, Маркакольский с.о., с.Кайнарлы.

Географические координаты участка: 1) 48°32'00" с.ш., 85°23'00" в.д.; 2) 48°32'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 3) 48°31'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 4) 48°31'00" с.ш., 85°27'00" в.д.; 5) 48°30'00" с.ш., 85°27'00" в.д. 6) 48°30'00" с.ш., 85°23'00" в.д.

Слушания состоятся 28.05.2026 в 15.00ч. по адресу Восточно-Казахстанская область, район Маркаколь, Маркакольский с.о., с.Кайнарлы, КГУ "Кайнарлинская основная средняя школа", Мектеп көшесі-1. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

В случае необходимости будет организована доставка жителей с.Караой до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 778 010 2888 не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM <https://us05web.zoom.us/j/89409066294?pwd=2ohMsSsInrCzNR5RNosYm377ggN3Ct.1>

Идентификатор конференции: 894 0906 6294 Код доступа: 9mEdeT

Заказчик-инициатор: ОО «SUNCOM INVEST», БИН 080540013454, 010000, г.Астана, р-н Сарыарқа, ул. Иманжусипа Кутпанова, зд. 6, директор – Хайроллин А.С., тел: 8-701-523-21-31, suncominvest@gmail.com

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по Восточно-Казахстанской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/contacts?lang=ru>

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ОО «РудПроект» г.Астана, улица М.Жумабаева 8, тел. 87771181401.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Восточно-Казахстанской области», 070004, г.Усть-Каменогорск, ул.К.Либкнехта,19, №12, тел: +7(7232) 25-73-20, priemnaya_uprigrvko@akimvko.gov.kz, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами: Газета «Марқакөл таңы», радиостанция «МИКС».

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ОО «Suncom Invest» проводит общественные слушания по материалам на получение экологического разрешения на воздействия (НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ) по проекту «ПЛАН РАЗВЕДКИ Южно-Алтайская площадь».

Территория, на которой может быть оказано воздействие: ВКО, район Маркаколь, Маркакольский с.о., с.Кайнарлы.

Географические координаты участка: 1) 48°32'00" с.ш., 85°23'00" в.д.; 2) 48°32'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 3) 48°31'00" с.ш., 85°25'00" в.д.; 4) 48°31'00" с.ш., 85°27'00" в.д.; 5) 48°30'00" с.ш., 85°27'00" в.д. 6) 48°30'00" с.ш., 85°23'00" в.д.

Слушания состоятся 28.05.2026 в 16.00ч. по адресу Восточно-Казахстанская область, район Маркаколь, Маркакольский с.о., с.Кайнарлы, КГУ "Кайнарлинская основная средняя школа", Мектеп көшесі-1. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

В случае необходимости будет организована доставка жителей с.Караой до места проведения слушаний. По вопросам доставки обращаться по тел. +7 778 010 2888 не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM <https://us05web.zoom.us/j/81911999717?pwd=kGoMaGc6EXLaonM7UXbZaW8zEU3YJ5.1>

Идентификатор конференции: 819 1199 9717 Код доступа: 5uDNZs

Заказчик-инициатор: ОО «SUNCOM INVEST», БИН 080540013454, 010000, г.Астана, р-н Сарыарқа, ул. Иманжусипа Кутпанова, зд. 6, директор – Хайроллин А.С., тел: 8-701-523-21-31, suncominvest@gmail.com

С проектной документацией можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования по Восточно-Казахстанской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/contacts?lang=ru>

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ОО «РудПроект» г.Астана, улица М.Жумабаева 8, тел. 87771181401.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования по Восточно-Казахстанской области», 070004, г.Усть-Каменогорск, ул.К.Либкнехта,19, №12, тел: +7(7232) 25-73-20, priemnaya_uprigrvko@akimvko.gov.kz, d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами: Газета «Марқакөл таңы», радиостанция «МИКС».

СПОРТ

Мемлекеттік қызметшілер үздіктер қатарынан көрінді



Мемлекеттік қызметшілердің имиджін арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және өңірлер арасындағы әріптестік байланысты нығайту мақсатында волейболдан облыстық турнир өтті. Тартысты өткен додада Марқакөл ауданының құрама командасы лайықты ойын көрсетіп, жанкүйерлердің ықыласына бөленді.

Жарыс барысында ала доп алаңындағы бәсеке өте жоғары деңгейде өтті. Өрбір команда жеңіске деген ұмтылысын көрсетіп, шеберлік байқасты. Марқакөлдік мемлекеттік қызметшілер алғашқы айналымнан-ақ өздерінің ұйымшылдығын және

спорттық дайындықтарының жоғары екенін дәлелдеді.

Көптеген мықты командалар бақ сынаған бұл турнирде Марқакөл ауданы 4-ші орынға табан тіреді. Бұл тек спорттық нәтиже ғана емес, сонымен қатар күнделікті қарбалас жұмыс пен спортты қатар алып жүрген мамандардың ерен еңбегінің жемісі.

- Біз үшін басты мақсат – тек жеңіс емес, аудан намысын лайықты қорғау және ұжымдық бірлікті көрсету болды. 4-ші орын – біздің әлеуетіміздің жоғары екенінің көрсеткіші. Алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыратынымызға сенімдіміз», - дейді команда мүшелері.

Осындай іс-шаралар мемлекеттік қызметшілердің тек кабинеттегі жұмыспен шектелмей, қоғамдық және спорттық өмірде де белсенді екенін көрсетеді. Марқакөлдік спортшылардың бұл жетістігі аудан



мерейін асқақтатып, жас мамандарға үлгі болары сөзсіз. Спортты жанына серік еткен мемлекеттік қызметшілердің бұл жеңісі – аудан абыройы және салауатты өмір салтын насихаттаудың нақты дәлелі деп білеміз.

Валентина Свириденко



ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТ

Жас журналист Марқакөл аңыздарын зерттеп жүр

Өскемендік жас журналист Марқакөлге ерекше қызығушылық білдіріп, маңғаз көлді бір көруді аңсап жүр. Аңсап қана қоймай, киелі мекеннің аңыздарымен танысып, рухани көкжиегін кеңейтпек. Шемонайха ауданының тұрғыны Марина Осадчаяның жазбаларынан үзіндіні ұсынуды жөн көрді.

Марқакөл көлі – Қытай шекарасына жақын, Оңтүстік Алтайдың құшағында орналасқан, биік таулы өңірдегі көркем көлдердің бірі. Ол теңіз деңгейінен шамамен 1447 метр биіктікте жатыр және Қазақстандағы ең таза көлдердің қатарына жатады. Тіпті жаздың өзінде судың температурасы +7–+6 градус шамасында ғана болады. Көлді айнала қоршаған асқар таулар мен ну орман бұл мекенді ертегіден шыққандай әсерге бөлейді.

Бұл көл туралы сан алуан қызық та жұмбақ аңыздар бар. Сол аңыздардың өзі Марқакөлді ерекшелеп тұрады. Жергілікті жұрт үшін маңғаз көл – тірі бейне, жұмақ мекен. Кейде желсіз күннің өзінде су беті белгісіз бір ұн шығарып, күбірлей бастайды. Аңыз бойынша, көлдің тереңінде «тыныстап» жатқан рух бар, толқын мен сол тылсым дыбыстар содан пайда болады дейді. Кейбір балықшылар түн ішінде көлдің сыбырлап сөйлегенін естідік деп әңгімелейді.

Тағы бір аңызда бұл көлдің орнында бұрын бір ауыл болған деседі. Алайда адамдар табиғат рухтарын

ашуландырған соң, жер опырылып, бүкіл мекен су астында қалған. Кейде тымық ауа райында адамдар су астынан үйлердің көмескі бейнесін көріп, алыстан жеткендей белгісіз дыбыстарды естідік деп айтып жатады. Көптеген терең көлдер секілді, Марқакөлдің де өз «иесі» бар деген сенім бар. Балықшылар аяқ астынан пайда болатын алып толқындар, су астындағы көлеңкелер мен жоғалып кеткен ау жайлы талай мәрте айтқан. Әрине табиғаттың әр құбылысын тылсым нанымға теңеп, мистикалық образдар шығару ертеден бар дүние...

Тағы бір сенім бойынша, Марқакөл – тек аспан ғана емес, адамның жан дүниесі де көрініс табатын мекен. Көлге ұзақ қарасаң, өзіңнің шынайы күйіңді көруге болады. Сол арқылы көңілдегі толғаныс, мінездің алай-дүлейін тыныштандыруға болады.

Бұл өңірдің өзіндік ерекше, жұмбақ қуаты бар: асқар таулар, қалың қарағайлы ормандар, мұздай су – бәрі қосылып, көңілге медеу болады. Сондықтан да Марқакөл «күш-қуат мекені» саналады. Мұнда тек туристер ғана емес, қаланың дүрбелеңінен қашып, көңіл тыныштығын іздеген жандар да көп келеді. Көл маңындағы бүкіл аумақ Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы құрамына кіреді. Мұнда табиғат пен көне аңыздар әлі де халық ауызында жүр.

Авторы: Марина Осадчая, аударған Валентина Свириденко



ТҮРГЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ

Зейнетақы төлемдеріне байланысты жаңа ереже шықты

Біржолғы зейнетақы төлемдерін тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін пайдалануға қатысты жаңа ереже күшіне енді. БЗТ есебінен ипотекалық қарыздарды өтеу кезінде енді тек негізгі қарызды жабуға болады, деп хабарлайды "Отбасы банк".

"Отбасы банктің" баспасөз қызметі Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі бекіткен тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану қағидаларына өзгерістер енгізілгенін еске салды.

Аталған өзгерістер зейнетақы жинақтарының артық бөлігін пайдалану мақсаты бойынша, екінші деңгейлі банктердегі берешекті ішінара немесе толық өтеуге байланысты.



Енгізілген өзгерістер 17 сәуірден бастап күшіне енген. "2026 жылғы 17 сәуірден бастап зейнетақы жинақтарының артық бөлігін пайдалана отырып, екінші деңгейлі банктердегі ипотекалық қарызды ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу кезінде тек негізгі қарызды өтеуге болады. Ай сайынғы төлемге кіретін сыйақы және өзге де берешектерді клиенттер өз қаражаты есебінен төлеуі тиіс", - делінген хабарламада.

"Отбасы банк" екінші деңгейлі банктерге өз клиенттеріне негізгі қарыз қалдығы көрсетілген несие берешегі туралы анықтамаларды беру қажеттігі жөнінде тиісті хаттар жолдаған. Бұл ретте несие берешегі туралы анықтаманың жаңа үлгісі қоса берілетін болады.

Дайындаған: Өз тілшіміз

<p>«Марқакөл таңы» газеті Меншік иесі: «Altai Media» ЖШС</p> <p>Бас редактор: Свириденко Валентина Георгиевна 8 - 7002935683</p>	<p>«Марқакөл таңы» газетінің тілшілер қосыны:</p> <p>8 - 7002935683 8 - 7002321050</p>	<p>Газетке Қазақстан Республикасы ақпарат және Қоғамдық даму министрілігінің Ақпарат комитетінде 19.12.2024 жылы қайта есепке қою туралы тіркеу №KZ11VPY00108277 куәлігі берілген.</p>	<p>МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы, Марқакөл ауылы, Крахмаль көшесі, 59-үй. tanu.markaol@gmail.ru</p> <p>Жарнама қабылдау телефоны: 8 - 7002935683</p>	<p>Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарияланған материалдарда айтылған пікір редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.</p> <p>Жарнаманың дұрыстығына жарнама беруші жауапты.</p>
--	--	--	---	--